

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.74-2026
		29.05.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	20 беттің 1-ші беті

ҚОС ДИПЛОМДЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Алматы
2026 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.74-2026
		29.05.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	20 беттің 2-ші беті

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Академиялық мәселелер жөніндегі қызметі
2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «29» мамыр 2026 жылы № 11 хаттама № 3 баспа
3. ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ 2025 жылғы «30» желтоқсандағы № 2 баспаның орнына
4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ 3 жыл

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.74-2026 29.05.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	20 беттің 3-ші беті

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	4
2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	5
3. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
4. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	6
5. БББ МЕН ҚДББ-НЫ ІСКЕ АСЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	7
6. БББ МЕН ҚДББ-НЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ.....	7
7. БББ МЕН ҚДББ САПАСЫН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.....	9
8. БББ МЕН ҚДББ-НЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ.....	9
9. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ КЕЛІСУ.....	10
10. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ.....	10
11. ТАРАТУ ЖӘНЕ САҚТАУ.....	10
12. ҚОСЫМША 1. БББ ЖӘНЕ ҚДББ-НЫ ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМНІҢ ҮЛГІЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ.....	12
13. ҚОСЫМША 2. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ПӘНДЕРДІ САЛЫСТЫРУ НЫСАНЫ.....	14
14. ҚОСЫМША 3. БББ/ҚДББ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЫНЫҢ НЫСАНЫ.....	15
15. ҚОСЫМША 4. БББ ЖӘНЕ ҚДББ-НЫ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР СМЕТАСЫНЫҢ НЫСАНЫ.....	16
16. ҚОСЫМША 5. БББ ЖӘНЕ ҚДББ-НЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ.....	17
17. ҚОСЫМША 6. БББ ЖӘНЕ ҚДББ-НЫ ІСКЕ АСЫРУ МОНИТОРИНГІНІҢ НЫСАНЫ.....	18
18. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ.....	19
19. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....	20

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.74-2026 29.05.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	20 беттің 4-ші беті

«Бекітілді»


«Темірбек Жүргенов атындағы

Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ

Ғылыми кеңесінің шешімімен

«29» мамыр 2026 жыл № 11 хаттама

Ғылыми кеңес төрағасы

 А. Жудебаев



1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-де (бұдан әрі – Академия) бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу, іске асыру, басқару және олардың сапасын қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

1.2. Осы Ереже бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, іске асыруға, сүйемелдеуге, мониторинг жүргізуге және олардың сапасын қамтамасыз етуге қатысатын Академияның құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады.

1.3. Осы Ереже Академияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және халықаралық ынтымақтастықты, академиялық ұтқырлықты, білім беруді интернационалдандыруды және кадрларды даярлау сапасын арттыруды жүзеге асыру мақсатында қолданылады.

1.4. Бірлескен білім беру бағдарламаларын Академия Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен және / немесе шетелдік жоғары білім беру ұйымдарымен жасалған келісімдер негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына, Академияның ішкі құжаттарына және ЖЖОКБҰ-әріптестер арасындағы келісімдерге сәйкес іске асырады.

1.5. Осы Ереже реттейді:

- бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;
- қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;
- бірлескен білім беру бағдарламалары шеңберінде білім алушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру;
- оқыту нәтижелерін тану және академиялық кредиттерді қайта есепке алу тәртібі;
- бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету мәселелері.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.74-2026 29.05.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	20 беттің 5-ші беті

1.6. Бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру мына қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- академиялық еркіндік;
- серіктестік және өзара тану;
- оқыту нәтижелерінің салыстырмалылығы;
- білім беру процесінің ашықтығы;
- білім беру сапасын қамтамасыз ету;
- әріптес мемлекеттердің ұлттық білім беру жүйелерінің талаптарын сақтау.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Осы Ереже мына құжаттарға сәйкес әзірленді:

- 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;
- 2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы;
- 3) «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;
- 4) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес;
- 5) «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;
- 6) «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-нің Академиялық саясаты;
- 7) «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-нің 2023-2029 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес;
- 8) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен келісімдері;
- 9) Траншекаралық және бірлескен жоғары білім беру сапасын қамтамасыз етудің халықаралық ұсынымдары мен қағидаттары (ESG, UNESCO/OECD Guidelines for Quality Provision in Cross-Border Higher Education).

3. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	
	П 017-1.74-2026 29.05.2026 ж.	
	Ереже нормативтік құжат түрі	20 беттің 6-ші беті

МЖМБС – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары

ЖЖОКБҰ – Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы

ББ – Білім беру бағдарламасы

БББ – Бірлескен білім беру бағдарламасы

ҚДББ – Қос дипломды білім беру бағдарламасы

ЖОЖ – Жеке оқу жоспары

ОН – Оқыту нәтижелері

ОТ – Офис тіркеуші

ECTS – European Credit Transfer and Accumulation System (Еуропалық трансферт (аудару) және кредит жинақтау жүйесі).

4. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

4.1. Ережеде келесі негізгі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

- 1) Бірлескен білім беру бағдарламасы (БББ) – білім беру бағдарламасын әзірлеу мен іске асыруға бірлесіп қатысуды, оқу нәтижелерін тануды және түлекке білім туралы бір құжат беруді көздейтін келісім негізінде Академияның бір немесе бірнеше серіктес ЖЖОКБҰ-мен бірлесіп әзірлейтін және іске асыратын білім беру бағдарламасы.
- 2) Қос дипломды білім беру бағдарламасы (ҚДББ) – білім беру бағдарламасын іске асыруға қатысушы әрбір тараптың білім туралы құжатын түлекке беруді көздейтін бірлескен білім беру бағдарламасы.
- 3) Білім беру бағдарламасын бірлесіп іске асыру – Академия мен серіктес ЖЖОКБҰ-ның оқыту шарттарын, оқу жүктемесін бөлуді, оқу нәтижелерін және академиялық тану рәсімдерін келісу негізінде білім беру процесін ұйымдастыруы.
- 4) Академиялық тану – білім алушының серіктес ЖЖОКБҰ-да меңгерген оқу нәтижелерін білім беру бағдарламасын игеру барысында қайта есепке алу мақсатында тану.
- 5) Серіктес ЖЖОКБҰ – жасалған келісім негізінде БББ және ҚДББ әзірлеуге және (немесе) іске асыруға қатысатын Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы немесе шетелдік жоғары білім беру ұйымы.
- 6) Бірлескен қорытынды аттестаттау – Академия мен серіктес ЖЖОКБҰ өкілдерінің қатысуымен өткізілетін қорытынды аттестаттау нысаны.
- 7) ECTS – оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті білім алушының оқу жұмысының еңбек сыйымдылығын бағалауға негізделген, білім алушыларға ыңғайлы болу үшін құрылған, кредиттерді жинақтау және ауыстырудың еуропалық жүйесі. Бұл жүйе білім беру жүйелерінің ашықтығын арттыруға

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.74-2026
		29.05.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	20 беттің 7-ші беті

қызмет етеді және кредиттерді жинақтау мен аудару арқылы Еуропада студенттердің ұтқырлығын қамтамасыз етеді.

5. БББ МЕН ҚДББ-НЫ ІСКЕ АСЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

5.1. БББ және ҚДББ Академия мен серіктес ЖЖОКБҰ-лар арасында жасалған келісімдер негізінде, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Академия мен серіктес ЖЖОКБҰ-лардың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес бірлесіп іске асырылады.

5.2. БББ және ҚДББ кадрларды даярлаудың тиісті деңгейлерінің білім беру бағдарламалары бойынша әзірленеді және іске асырылады, олар серіктес ЖЖОКБҰ-лардың оқу нәтижелері мен академиялық талаптарының салыстырмалылығын қамтамасыз етеді.

5.3. БББ және ҚДББ-ны іске асыру негізінде жүзеге асырылады:

- келісілген білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары;
- оқу нәтижелерін өзара тану;
- білім алушылардың және (немесе) профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығы;
- серіктес ЖЖОКБҰ-лардың білім беру процесін ұйымдастыруға және білім беру сапасын қамтамасыз етуге бірлескен қатысуы.

5.4. БББ және ҚДББ бойынша оқыту тілі серіктес ЖЖОКБҰ-лар арасындағы келісіммен айқындалады.

5.5. БББ және ҚДББ Қазақстан Республикасының заңнамасында және серіктес ЖЖОКБҰ-лардың ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес әзірленеді, бекітіледі және іске асырылады.

5.6. БББ және ҚДББ-ға өзгерістер серіктес ЖЖОКБҰ-лардың келісімі бойынша енгізіледі.

5.7. БББ және ҚДББ-ны іске асыру серіктес ЖЖОКБҰ-лардың оқу нәтижелерін академиялық тану, академиялық кредиттерді қайта есепке алу және білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйелерінің талаптарын сақтау шарттары қамтамасыз етілген жағдайда жүзеге асырылады.

6. БББ МЕН ҚДББ-НЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ

6.1. БББ және ҚДББ-ны әзірлеу мен іске асырудың негізі Академия мен серіктес ЖЖОКБҰ арасында жасалған ынтымақтастық туралы келісім болып табылады.

6.2. БББ және ҚДББ-ны іске асыру туралы келісім айқындайды:

- білім беру бағдарламасын іске асыру шарттары;
- серіктес ЖЖОКБҰ-лардың міндеттерін бөлу;
- білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі;
- оқу нәтижелерін академиялық тану шарттары;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.74-2026 29.05.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	20 беттің 8-ші беті

- білім туралы құжаттарды беру тәртібі;
 - бағдарламаны қаржыландыру шарттары және оны іске асырудың өзге де шарттары.
- 6.3. БББ және ҚДББ-ны әзірлеуді шығарушы кафедра серіктес ЖЖОКБҰ-мен және Академияның мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп жүзеге асырады.
- 6.4. БББ және ҚДББ бойынша оқыту, қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына және серіктес ЖЖОКБҰ-лардың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жасалатын шарттар негізінде жүзеге асырылады.
- 6.5. БББ және ҚДББ бойынша білім алушыларды қабылдау және олардың қатысуы қабылдау қағидаларына, ішкі нормативтік құжаттарға және серіктес ЖЖОКБҰ-лар арасындағы келісім шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.
- 6.6. БББ және ҚДББ серіктес ЖЖОКБҰ-лар арасындағы келісім шарттарына сәйкес білім алушылардың және (немесе) профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын көздеуі мүмкін.
- 6.7. БББ және ҚДББ-ны іске асыру кезінде оқу нәтижелерінің салыстырмалылығы, академиялық тану және білім алушының серіктес ЖЖОКБҰ-да меңгерген академиялық кредиттерін қайта есепке алу қамтамасыз етіледі.
- 6.8. Білім беру процесін ұйымдастыру, соның ішінде пәндерді оқу тәртібі, практикадан өту, қорытынды аттестаттауды өткізу және білім туралы құжаттарды беру тәртібі серіктес ЖЖОКБҰ-лар арасындағы келісіммен және олардың ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалады.
- 6.9. Білім алушының жеке оқу жоспары серіктес ЖЖОКБҰ-лардың білім беру бағдарламаларын ескере отырып қалыптастырылады және пәндер тізбесін, еңбек сыйымдылығын, оқытуды бөлу тәртібін және академиялық кредиттерді қайта есепке алу тәртібін айқындайды.
- 6.10. БББ және ҚДББ шеңберіндегі оқыту құрылымы мен мерзімдері Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (МЖМБС) талаптарын ескере отырып, серіктес ЖЖОКБҰ-лар арасындағы келісіммен айқындалады.
- 6.11. Білім алушының серіктес ЖЖОКБҰ-да меңгерген оқу нәтижелері транскриптпен немесе пәндер (модульдер), академиялық кредиттер және оқу нәтижелері туралы мәліметтерді қамтитын өзге де оқыту құжатымен расталады және белгіленген тәртіппен академиялық тануға және қайта есепке алуға жатады.
- 6.12. БББ және ҚДББ бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттау серіктес ЖЖОКБҰ-лар арасындағы келісіммен және олардың ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.74-2026 29.05.2026 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі

6.13. Оқуды аяқтағаннан кейін және БББ және ҚДББ талаптарын орындағаннан кейін түлекке білім беру бағдарламасын іске асыру шарттарына, серіктес ЖЖОКБҰ-лар арасындағы келісімге және серіктес ЖЖОКБҰ мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес білім туралы құжаттар беріледі.

7. БББ МЕН ҚДББ САПАСЫН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

7.1. БББ және ҚДББ-ны Академияда іске асыру Қазақстан Республикасының заңнамасына, Академияның ішкі нормативтік құжаттарына және серіктес ЖЖОКБҰ-лармен жасалған келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

7.2. БББ және ҚДББ-ны іске асыруға қатысатын Академияның құрылымдық бөлімшелері білім беру процесін ұйымдастырушылық, оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

7.3. БББ және ҚДББ-ны іске асыру сапасын бақылау Академия мен серіктес ЖЖОКБҰ-лар тарапынан білім беру сапасын қамтамасыз етудің ішкі жүйелеріне сәйкес бірлесіп жүзеге асырылады.

7.4. БББ және ҚДББ-ны іске асыру мониторингі Академия мен серіктес ЖЖОКБҰ-лар тарапынан, БББ және ҚДББ-ны іске асыруды үйлестіретін құрылымдық бөлімшенің үйлестіруімен жүзеге асырылады және оқу нәтижелерін, білім алушылардың оқу үлгерімін, тараптар арасындағы өзара іс-қимыл тиімділігін бағалауды, сондай-ақ білім алушылардың білім беру бағдарламасын іске асыру сапасына қанағаттануын талдауды қамтиды.

7.5 Академия білім алушыларды, профессор-оқытушылар құрамын, серіктес ЖЖОКБҰ-ларды және өзге де мүдделі тұлғаларды БББ және ҚДББ-ның мақсаттары, мазмұны, іске асыру ерекшеліктері, мониторинг нәтижелері және оны жетілдіру бағыттары туралы ресми ақпараттық ресурстар, ішкі коммуникациялық арналар және өзге де өзара іс-қимыл нысандары арқылы оқу жылында кемінде бір рет хабардар етуді қамтамасыз етеді.

7.6. БББ және ҚДББ-ны іске асыру тоқтатылған жағдайда, Академия серіктес ЖЖОКБҰ-мен бірлесіп, білім алушылардың оқуды аяқтау құқығын немесе басқа білім беру бағдарламаларына ауыстырылуын қамтамасыз етеді.

8. БББ МЕН ҚДББ-НЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

8.1. БББ және ҚДББ-ны қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына, серіктес ЖЖОКБҰ-лар арасындағы келісімдерге және Академияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. БББ және ҚДББ-ны қаржыландыру мына қаражат көздері есебінен жүзеге асырылуы мүмкін:

- бюджет және бюджеттен тыс қаражат;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.74-2026 29.05.2026 ж.
		20 беттің 10-ші беті

- серіктес ЖЖОКБҰ-лардың қаражаттары;
- гранттар, қорлар және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер;
- білім алушылардың қаражаттары.

8.3. Білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын қоса алғанда, БББ және ҚДББ-ны іске асыруға байланысты шығыстар Академияның ішкі нормативтік құжаттарына және серіктес ЖЖОКБҰ-лар арасындағы келісімге сәйкес Академия тарапынан қаржыландырылуы мүмкін.

8.4. Білім алушылардың әуе тасымалы мен тұруына арналған шығыстар келісімде және (немесе) шартта көзделген жағдайларда және талаптарда Академия есебінен өтелуі мүмкін. Егер серіктес ЖЖОКБҰ-лар арасындағы келісімде өзгеше көзделмесе, білім алушылар тамақтану, көлік, оқу материалдары, тіркеу алымдары және медициналық сақтандыру шығыстарын өздері көтереді.

8.5. БББ және ҚДББ-ны іске асыру кезінде қажет болған жағдайда серіктес ЖЖОКБҰ-лар арасындағы келісім талаптарына сәйкес шығыстар сметасы қалыптастырылады.

8.6. БББ және ҚДББ-ны қаржыландыру шарттары білім беру бағдарламасын іске асыру ерекшеліктерін және серіктес ЖЖОКБҰ-лар арасындағы келісім талаптарын ескере отырып айқындалады.

9. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ КЕЛІСУ

9.1. Осы Ереженің әзірленуіне, мазмұнына, келісілуіне, бекітілуіне және өзектендірілуіне құжатты әзірлеуші жауапты болады.

9.2. БББ және ҚДББ-ны іске асыру үшін өз құзыреті шегінде жауапкершілік білім беру бағдарламаларының басшыларына және Академияның құрылымдық бөлімшелеріне жүктеледі.

9.3. Осы Ережені келісу келісу парағына сәйкес белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

9.4. Осы Ереже Академияның Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

10. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

10.1. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу оны әзірлеу және бекіту белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

10.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Академияның Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

11. ТАРАТУ ЖӘНЕ САҚТАУ

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.74-2026 29.05.2026 ж.
		20 беттің 11-ші беті

11.1. Осы Ереже Академияның ресми ақпараттық ресурстарында орналастырылуға және мүдделі құрылымдық бөлімшелердің назарына жеткізілуге жатады.

11.2. Осы Ережені сақтау Академияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

**Академиялық мәселелер
жөніндегі қызметінің басшысы**

Handwritten signature

Г. Әбдірахман

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.74-2026 29.05.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	20 беттің 12-ші беті

Қосымша 1. БББ және ҚДББ-ны іске асыру туралы келісімнің үлгілік құрылымы

1. Жалпы ережелер

1.1. ЖЖОКБҰ-серіктестерінің атауы.

1.2. Келісімнің мәні.

1.3. Білім беру бағдарламасының түрі:

- бірлескен білім беру бағдарламасы (БББ);
- қос дипломды білім беру бағдарламасы (ҚДББ).

1.4. Дайындық деңгейі:

- бакалавриат;
- магистратура;
- докторантура.

1.5. Білім беру бағдарламасының атауы.

1.6. Бағдарламаны іске асыру мерзімі.

1.7. Оқыту тілі.

1.8. Қорытынды аттестаттау тілі.

1.9. Тараптардың өзара іс-қимылының жұмыс тілі.

1.10. Қолданылатын құқық, келіспеушіліктерді реттеу және дауларды шешу тәртібі.

2. Бағдарламаны іске асырудың мақсаттары мен міндеттері

2.1. Өнер, мәдениет және креативті индустриялар саласында кадрлар даярлау.

2.2. Халықаралық академиялық ынтымақтастықты дамыту.

2.3. Білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын дамыту.

2.4. Білім беру бағдарламасын бірлесіп әзірлеу және іске асыру.

3. Білім беру процесін ұйымдастыру

3.1. Білім беру бағдарламасын іске асыру тәртібі.

3.2. Серіктес ЖЖОКБҰ-лар арасында пәндерді (модульдерді) бөлу.

3.3. Білім алушының жеке оқу жоспарын қалыптастыру тәртібі.

3.4. Академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру тәртібі.

3.5. Практика, тағылымдама, шығармашылық жобалар, көрмелер, концерттер, қойылымдар және практикалық даярлықтың өзге де нысандарын өткізу тәртібі.

3.6. Аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру тәртібі.

3.7. Оқу нәтижелерін академиялық тану және академиялық кредиттерді қайта есептеу тәртібі.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Академияның міндеттері.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.74-2026 29.05.2026 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі

4.2. Серіктес ЖЖОКБҰ-ның міндеттері.

4.3. Тараптардың құқықтары.

4.4. Ақпарат және оқу-әдістемелік материалдармен алмасу тәртібі.

5. Білім беру сапасын қамтамасыз ету

5.1. БББ және ҚДББ-ны іске асыру мониторингін жүргізу тәртібі.

5.2. Оқыту нәтижелерін бағалау тетіктері.

5.3. Мониторинг нәтижелерін қарау тәртібі.

5.4. Білім алушылардың қанағаттанушылығын талдау тәртібі.

6. Қаржылық шарттар

6.1. Қаржыландыру көздері.

6.2. Тараптардың қаржылық міндеттемелерін бөлу.

6.3. Академиялық ұтқырлықты қаржыландыру тәртібі.

6.4. Оқу ақысын төлеу шарттары.

6.5. Шығыстар сметасын қалыптастыру тәртібі.

7. Білім туралы құжаттар

7.1. Берілетін құжаттың түрі:

- білім туралы бір құжат (БББ);
- тараптардың әрқайсысының білімі туралы құжаттар (ҚДББ).

7.2. Транскрипт беру тәртібі.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Келісімнің қолданылу мерзімі.

8.2. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі.

8.3. Келісімнің қолданылуын тоқтату тәртібі.

8.4. Бағдарламаны іске асыру тоқтатылған кезде білім алушылардың құқықтарын қамтамасыз ету.

8.5. Дауларды шешу тәртібі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.74-2026 29.05.2026 ж.
		20 беттің 14-ші беті

Қосымша 2. Оқу нәтижелері мен пәндерді салыстыру нысаны

№	Академияның оқу нәтижелері	Серіктес ЖЖОКБҰ- дағы оқу нәтижелері	Пән / Академия модулі	Серіктес ЖЖОКБҰ-ның пәні / модулі	ECTS неснелерінің саны	Бақылау нысаны	Қайта есептеу туралы шешім
1							
2							
3							

Жауапты тұлғалар:

Академиядан: _____

Серіктес ЖЖОКБҰ-дан: _____

Келісу күні: _____

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.74-2026 29.05.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	20 беттің 15-ші беті

Қосымша 3. БББ/ҚДББ бойынша білім алушының жеке оқу жоспарының нысаны

Жалпы мәліметтер

Білім алушының Т.А.Ә.: _____

Білім беру бағдарламасы: _____

Дайындық деңгейі: _____

Серіктес ЖЖОКБҰ: _____

Оқу жылы: _____

Серіктес ЖЖОКБҰ-дағы оқу кезеңі: _____

Семестр	Пән (модуль)	Іске асырушы ЖЖОКБҰ	ECTS несиелерінің саны	Бақылау нысаны	Қайта есепке алу мәртебесі
1					
2					
3					

Келісу

Білім алушы _____

ББ басшысы _____

Серіктес ЖЖОКБҰ өкілі _____

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.74-2026 29.05.2026 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі
	20 беттің 16-ші беті	

Қосымша 4. БББ және ҚДББ-ны іске асыру бойынша шығыстар сметасының нысаны

№	Шығыстардың атауы	Қаржыландыру көзі	Сомасы	Жауапты тарап
1	Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы			
2	ПОҚ академиялық ұтқырлығы			
3	білім алушыларды орналастыру			
4	Көлік шығындары			
5	Шығармашылық жобаларды, көрмелерді, концерттерді, қойылымдарды ұйымдастыру			
6	Оқу-әдістемелік сүйемелдеу			
7	Тіркеу алымдары			
8	Медициналық сақтандыру			
9	Өзге шығыстар			

Келісу

Құрылымдық бөлімшенің басшысы _____

Қаржы қызметінің өкілі _____

Күні _____

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.74-2026
		29.05.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	20 беттің 17-ші беті

Қосымша 5. БББ және ҚДББ-ны іске асыру жоспары

Кезең	Іс-шара	Іске асыру мерзімі	Жауапты тұлғалар
1	Білім беру бағдарламасын әзірлеу		
2	Оқу жоспарларын келісу		
3	Келісім жасасу		
4	Білім алушылардың ЖОЖ қалыптастыру		
5	Академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру		
6	Пәндер мен модульдерді іске асыру		
7	Тәжірибелер мен шығармашылық жобаларды жүргізу		
8	Қорытынды аттестаттауды өткізу		
9	Білім туралы құжаттарды беру		

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ		П 017-1.74-2026
			29.05.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	20 беттің 18-ші беті	

Қосымша 6. БББ және ҚДББ-ны іске асыру мониторингінің нысаны

Жалпы мәліметтер

Білім беру бағдарламасының атауы: _____

Серіктес ЖЖОКБҰ: _____

Оқу жылы: _____

Мониторинг жүргізу күні: _____

Бағдарламаны іске асыру көрсеткіштері:

Көрсеткіш	Мағынасы
Білім алушылар саны	
Академиялық ұтқырлықтан өткен білім алушылар саны	
Бірлесіп іске асырылған пәндер саны	
Бағдарламаға қатысушы ПОҚ саны	
Білім алушылардың үлгерім деңгейі	
Қайта есептелген кредиттер саны	
Бағдарламаны аяқтаған білім алушылар саны	

Бағдарламаны іске асыру сапасын бағалау

1. Оқу нәтижелеріне қол жеткізу.
2. Серіктес ЖЖОКБҰ-лардың өзара іс-қимылының тиімділігі.
3. Білім алушылардың қанағаттану деңгейі.
4. Бағдарламаны іске асыру мәселелері.
5. Бағдарламаны жетілдіру бойынша ұсыныстар.
6. БББ/ҚДББ туралы ақпараттандыру және ілгерілету жөніндегі іс-шаралар

Жауапты тұлғалар





Академиядан _____

Серіктес ЖЖОКБҰ тарапынан _____

Күні _____

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.74-2026
		29.05.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	20 беттің 19-ші беті

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірленді:		
Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы		Г. Әбдірахман
Келісілді:		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Ш. Ергөбек
Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор		К. Халыков
Ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы		А. Кульшанова
Заң бөлімінің басшысы		Г. Сейтбекова
Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы		А. Молдабаева

